

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 тамыздағы N 883 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 321 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.21. N 697 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 тамыздағы N 883 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 26, 284-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Иван Михайлович сауда бірінші вице-министрі, төрағаның
орынбасары

Дәрібаев - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Мұрат Аманкелдіұлы сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту
департаментінің директоры

Өзбеков - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ғани Нұрмаханбетұлы вице-министрі;

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары, төраға"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары - Қазақстан
Республикасының Индустрия және сауда
министрі, төраға"

"Наубетова - Қазақстан Республикасының Президенті
Рашида Аронқызы жанындағы Отбасы және әйелдер істері
жөніндегі ұлттық комиссиясы
Хатшылығының сектор меңгерушісі (келісім
бойынша)" деген жолдағы:

"(келісім бойынша)" деген сөздер алынып тасталсын;
көрсетілген құрамнан "Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы, Мисников
Владимир Андреевич, Рахметов Нұрлан Құсайынұлы, Әділбеков Дәурен
З а к е н ұ л ы ш ы ғ а р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия туралы
е р е ж е д е :

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитетіне" деген сөздер "Қазақстан
Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне" деген сөздермен
ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі